**«Қазақстанның үлкен қазылар алқасы»**
**тұрақты жұмыс істейтін Халықаралық төрелік соты**
050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби к-сі, 15, 2102-кеңсе
www.kazcourt.kz e-mail: info.sud@kazcourt.kz
тел. +7 (727) 978 68 90, +7 (700) 978 68 90
тел. +7 (727) 978 68 91, +7 (700) 978 68 91
тел. +7 (727) 978 68 92, +7 (700) 978 68 92
тел. +7 (727) 978 68 93, +7 (700) 978 68 93 (онлайн қарау)

Құрылтайшының 22.10.2026 жылғы
шешімі негізінде «Қазақстанның үлкен
қазылар алқасы» тұрақты жұмыс істейтін
Төрелігінің құқықтары мен міндеттері
бойынша толық құқықтық мирасқоры
болып табылады,

ол, өз кезегінде, реформаның кезекті кезеңін
енгізу және 2016 жылғы ҚР «Төрелік
туралы» Заңы негізінде
«Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты
жұмыс істейтін Аралық сотының
құқықтары мен міндеттері бойынша толық
құқықтық мирасқоры болып табылады

# «Бекітілген»
# Құрылтайшының
# 2026 жылғы «22» қазандағы шешімімен

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЛКЕН ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ»
## тұрақты жұмыс істейтін Халықаралық төрелік сотының
## РЕГЛАМЕНТІ

### І бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 1-бап. Құзыреті

1. «Қазақстанның үлкен қазылар алқасы» тұрақты жұмыс істейтін Халықаралық төрелік соты (бұдан әрі – Төрелік сот) Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі «Төрелік туралы» Заңына (Төрелік туралы заң), Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне және қолданылатын халықаралық шарттарға сәйкес қызметін жүзеге асыратын дербес, тұрақты жұмыс істейтін төрелік болып табылады.

2. Тараптардың келісімі бойынша Төрелік сотқа жеке тұлғалар (оның ішінде дара кәсіпкерлер) және (немесе) заңды тұлғалар арасындағы азаматтық-құқықтық қатынастардан туындаған даулар, олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан жері Қазақстан Республикасының ішінде немесе одан тыс жерде болуына қарамастан, берілуі мүмкін.

3. Төрелік сот дауларды жазбаша төрелік келісім болған кезде қарайды. Төрелік келісім, егер ол тараптар қол қойған құжатта төрелік ескертпе түрінде қамтылса не хаттармен, жеделхаттармен, телефонхаттармен, факстермен, электрондық құжаттармен

немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттармен алмасу арқылы жасалса, жазбаша нысанда жасалды деп есептеледі.

Бұл келісім ол бөлігі болып табылатын шарттың жарамдылығына қарамастан заңды күші бар деп танылады. Тараптардың дауды Төрелік соттың қарауына (шешуіне) беру туралы келісім жасауы тараптардың осы Регламентпен, талап арыз берілген кездегі, төрелік талқылау басталғанға дейін қолданыста болған барлық толықтырулары мен өзгерістерімен келісетінін білдіреді.

4. Дауды Төрелік соттың қарауына беру туралы келісім, егер талапкер Төрелік сотқа талап арыз берсе, ал жауапкер талап арызға осы дауды Төрелік сотта қарауға қарсылығы жоқ пікір ұсынса, сондай-ақ жазбаша нысанда жасалды деп есептеледі.

5. Төрелік сот өзіне шешуге берілген дауды қарауға өкілеттігінің (юрисдикциясының) бар-жоғы туралы мәселені, оның ішінде тараптардың бірі төрелік келісімнің жарамсыздығы себебінен төрелік талқылауға қарсылық білдірген жағдайларда, дербес шешеді.

6. Егер Төрелік сот өз құзыреті туралы мәселені қарау кезінде төреліктің дауды қарауға өкілеттігі жоқ екендігі туралы ұйғарым шығарса, төрелік дауды мәні бойынша қарай алмайды.

### 2-бап. Осы Регламентке сілтеме жасау құқығынан бас тарту.

Осы Регламенттің қандай да бір ережесі немесе талабы сақталмағанын біле тұра, мұндай сақталмауға қарсылығын дереу мәлімдемей, төрелік талқылауға қатысуын жалғастыратын кез келген тарап қарсылық білдіру құқығынан бас тартты деп есептеледі.

## II бөлім. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

### 3-бап. Төрешілер

1. Төрешілер осы Регламентке сәйкес Төрелік соттың құзыретіне жатқызылған дауларды шешу саласында қажетті арнайы білімі бар адамдардың қатарынан сайланады немесе тағайындалады. Төрешілер өз функцияларын орындау кезінде бейтарап және тәуелсіз болады. Олар тараптардың өкілдері болып табылмайды.

2. Төреші болып істің нәтижесіне тікелей немесе жанама мүдделі емес, тараптардан тәуелсіз, төреші міндеттерін атқаруға келісім берген, отыз жасқа толған, жоғары білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жеке тұлға сайланады (тағайындалады).

3. Дауды жеке-дара шешетін төрешінің жоғары заң білімі болуға тиіс. Дау алқалы түрде шешілген жағдайда төрелік құрамының төрағасының жоғары заң білімі болуға тиіс. Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік не азаматтығы жоқ адам төреші болып сайлануы мүмкін.

4. Мына адам төреші бола алмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен судья болып сайланған немесе тағайындалған;

2) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

3) алынбаған немесе өтелмеген сотталғандығы бар не қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айып тағылған;

4) мемлекеттік қызметші, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін қызметін тұрақты немесе босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаты және әскери қызметші болып табылатын.

5. Төреші функцияларын өзіне қабылдайтын адам нысанын Төрелік сот бекітетін төреші функцияларын қабылдау және тараптардан тәуелсіздігі туралы өтінішті толтырады және оған қол қояды, сондай-ақ өзінің қатысуы көзделіп отырған дауға байланысты оның бейтараптығына немесе тәуелсіздігіне қатысты негізді күмән туғызуы мүмкін кез келген мән-

жай туралы, егер ол төрелік талқылау барысында кейіннен белгілі болса, Төрелік сотқа дереу хабарлауға тиіс.

6. Төрелік сот бес жыл мерзімге төрешілер тізімін бекітеді, онда төрешінің аты, тегі және әкесінің аты (ол болған кезде), білімі, мамандығы немесе мамандануы, ғылыми дәрежесі мен атағы (болған кезде), жұмыс орны, лауазымы және жұмыс кезеңі көрсетілген жұмыс тәжірибесі, шет тілдерін білуі, сондай-ақ қаралған істер саны көрсетіледі.

Егер көрсетілген мерзім өткеннен кейін төрешілердің жаңа тізімі бекітілмесе, бұрын бекітілген төрешілер тізімі төрешілердің жаңа тізімі бекітілгенге дейін қолданылады. Төрешілер тізімі Төрелік соттың веб-сайтында (www.kazcourt.kz) орналастырылады.

7. Егер осы Регламентте өзгеше көзделмесе, төрешілердің функцияларын төрешілер тізіміне енгізілмеген адамдар да орындай алады.

## 4-бап. Төрелік соттың Төрағасы және Төраға орынбасары

1. Төрелік соттың Төрағасын Төрелік соттың құрылтайшысы тағайындайды, орынбасарын Төрелік соттың Төрағасы тағайындайды. Төрелік соттың Төрағасы мен Төраға орынбасары оның қызметкерлері болып табылмайтын адамдар болуы мүмкін.

2. Төрелік соттың Төрағасы Төрелік сотты ел ішіндегі және шетелдегі қарым-қатынастарында білдіреді.

3. Төрелік соттың Төрағасы осы Регламентте көзделген функцияларды орындайды.

4. Төрелік сот Төрағасы орынбасарының функцияларын Төрелік соттың Төрағасы айқындайды. Төрелік соттың Төрағасы болмаған кезде оның функцияларын Төраға орынбасары орындайды.

## 5-бап. Төрелік соттың орналасқан жері және тыңдаулар өткізілетін орын

1. Төрелік соттың орналасқан жері және тыңдаулар өткізілетін орын: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

2. Тараптар тыңдауларды Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жердегі басқа орында өткізуді келісе алады. Мұндай жағдайда тыңдауларды Алматы қаласынан тыс жерде өткізуге байланысты туындаған барлық қосымша шығыстар дауласушы тараптарға жүктеледі. Төрелік сот тараптардан осы шығыстарды өтеудің тиісті кепілдігін алдын ала ұсынуды талап ете алады.

## 6-бап. Құпиялылық

Төраға, Төраға орынбасары, төрешілер, Төрелік сот хатшылығының қызметкерлері және төрелік талқылаудың өзге де қатысушылары Төрелік сот шешетін даулар туралы өздеріне белгілі болған ақпаратты тараптардың немесе олардың құқықтық мирасқорларының келісімінсіз жария етпеуге міндетті.

## 7-бап. Құжаттарды ұсыну тәртібі

1. Төрелік талқылаудың басталуына және жүргізілуіне қатысты барлық құжаттарды тараптар Төрелік сотқа ұсынуға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған құжаттар, жазбаша дәлелдемелерді қоспағанда, келісімшарт тілінде немесе тараптар өзара хат алмасқан тілде не орыс тілінде ұсынылады. Төрелік сот өз қалауы бойынша немесе тараптардың бірінің өтініші бойынша екінші тараптан ол ұсынған құжаттардың қазақ немесе орыс тіліне аудармасын талап ете алады не мұндай аударманы оның есебінен қамтамасыз ете алады.

## 8-бап. Істі тыңдау тілі

Істі тыңдау талап арыздың тіліне немесе келісімшарттың тіліне, немесе төрелік келісімнің тіліне байланысты қазақ немесе орыс тілінде жүргізіледі. Тараптардың келісімімен Төрелік сот тыңдауды басқа тілде де өткізе алады. Егер тарап тыңдау жүргізілетін тілді білмесе, Төрелік сот тараптың өтініші бойынша және оның есебінен оны аудармашының қызметтерімен қамтамасыз етеді.

## 9-бап. Істі талқылау мерзімі

Төрелік сот істі талқылау мүмкіндігінше төрелік құрамы құрылған (жеке-дара төреші сайланған немесе тағайындалған) күннен бастап отыз күннен аспайтын мерзімде аяқталуы үшін шаралар қабылдайды. Ерекше жағдайларда бұл мерзім Төрелік сот Төрағасының шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

## 10-бап. Құжаттарды жіберу және тапсыру

1. Бір тарап Төрелік сотқа ұсынатын барлық құжаттардың, материалдар мен ақпараттың көшірмелерін осы тарап оларды Төрелік сотқа жіберген күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде екінші тарапқа беруге тиіс.

2. Құжаттар тараптар келісімшартта көрсеткен мекенжайларға жіберіледі. Тараптар бұрын көрсетілген мекенжайлардың өзгергені туралы Төрелік сотқа дереу хабарлауға міндетті.

3. Төрелік сот шақыру қағаздарын, төрелік шешімдерді, ұйғарымдарды тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен не тиісті жөнелтілімді жеткізу әрекетін тіркеуді көздейтін өзге де тәсілмен дербес жібереді.

4. Өзге құжаттарды Төрелік сот тараптардың сұрауы бойынша ұсынады. Мұндай құжаттар тапсырыс немесе қарапайым хатпен, сондай-ақ телефонхатпен немесе жеделхатпен, тараптар көрсеткен ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе электрондық мекенжайға мәтіндік хабарламамен жіберілуі мүмкін.

5. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың кез келгені дәл осылай қолхат бойынша жеке өзіне берілуі немесе тапсырылуы мүмкін.

6. Егер тараптар өзгеше келіспесе:

1) кез келген жазбаша хабарлама, егер ол адресатқа жеке өзіне, оның тұрақты тұрғылықты жері немесе пошталық мекенжайы бойынша жеткізілсе, алынды деп есептеледі; егер оларды ақылға қонымды анықтама жүргізу арқылы анықтау мүмкін болмаса, жазбаша хабарлама, егер ол соңғы белгілі орналасқан жеріне тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, телефонхатпен немесе жеделхатпен, ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе электрондық мекенжайға мәтіндік хабарламамен, сондай-ақ осы хабарламаны не тиісті жөнелтілімді жеткізу әрекетін тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілсе, алынды деп есептеледі;

2) жазбаша хабарлама осындай жеткізу немесе жеткізу әрекеті жасалған күні алынды деп есептеледі.

## 11-бап. Мерзімдерді есептеу

Осы Регламент бойынша мерзімдерді есептеу мақсатында мерзімнің өтуі хабарламаны, хабарды, хабарлауды немесе ұсынысты алғаннан кейінгі келесі күннен басталады.

Егер мерзімнің соңғы күні адресаттың тұрғылықты жеріндегі немесе коммерциялық кәсіпорнының орналасқан жеріндегі ресми мереке немесе жұмыс істемейтін күнге сәйкес келсе, мерзім ең жақын жұмыс күніне дейін ұзартылады. Мерзім ішінде болатын ресми мерекелер немесе жұмыс істемейтін күндер оны есептеу кезінде алып тасталмайды.

## 12-бап. Қолданылатын құқық

1. Төрелік сот дауды тараптар дауды қарау кезінде қолданылатын құқық ретінде таңдаған құқық нормаларына сәйкес шешеді. Қандай да бір мемлекеттің құқығына немесе құқық жүйесіне кез келген нұсқау оның коллизиялық нормаларына емес, осы мемлекеттің материалдық құқығына тікелей сілтеме ретінде түсіндірілуге тиіс.

2. Қолданылатын құқық туралы тараптардың келісімі болмаған кезде төрелік қолданылатын құқықты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

3. Нақты қатынасты реттейтін құқық нормалары болмаған кезде төрелік шешімді осы мәмілеге қолданылатын іскерлік айналым ғұрыптарына сәйкес қабылдайды.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген қатынастар тікелей реттелмеген жағдайларда, мұндай қатынастарға ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормалары қолданылады, ал мұндай нормалар болмаған кезде дау заңдардың жалпы бастаулары мен мағынасына сүйене отырып шешіледі.

## III бөлім. ТӨРЕЛІК ТАЛҚЫЛАУ

### 1-тарау. ТӨРЕЛІК ТАЛҚЫЛАУДЫҢ БАСТАЛУЫ.

#### 13-бап. Талап қою

1. Төрелік талқылау Төрелік сотқа талап арыз беруден басталады.

2. Талап арыз берілген күн болып оның Төрелік сотқа тапсырылған күні, ал талап арыз пошта арқылы жіберілген кезде – жөнелтілген жердегі пошта бөлімшесі мөртабанының күні есептеледі.

#### 14-бап. Талап арыздың мазмұны

1. Талап арызда:

1) талап арыз берілген күн;

2) тараптардың атауы, олардың тұрғылықты жері немесе, егер тараптар заңды тұлғалар болса, орналасқан жері, пошталық мекенжайлары, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі және электрондық мекенжайы туралы мәліметтер (егер олар болса), банктік деректемелері;

3) талапкердің талабы;

4) Төрелік соттың құзыретінің негіздемесі;

5) талапкер өзінің талап қою талаптарын негіздейтін нақты және құқықтық мән-жайлардың баяндалуы және осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелерге сілтеме;

6) талап қою бағасы;

7) талап арыздың жауапкерге жіберілгенін растайтын құжат;

8) талап арызға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

2. Талап арызға талапкер немесе оның өкілі қол қоюға тиіс. Егер талап арызға талапкердің өкілі қол қойған жағдайда, талап арызға сенімхаттың түпнұсқасы немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын өзге де құжат қоса берілуге тиіс.

3. Жауапкер талапкерге және Төрелік сотқа талап арызға пікір ұсынуға, онда талапқа қарсылықтарын баяндауға құқылы. Талап арызға пікір талапкерге және Төрелік сотқа осы Регламенттің 22-бабының 2-тармағында көзделген мерзімде ұсынылады.

4. Төрелік талқылау барысында тарап өзінің талап қою талаптарын немесе талапқа қарсылықтарын өзгертуге немесе толықтыруға құқылы.

#### 15-бап. Талап арызға қоса берілетін құжаттар

Талап арызға:

1) жауапкерлер мен үшінші тұлғалардың санына қарай талап арыздың көшірмелері;

2) төрелік алымның төленгенін растайтын құжат;

3) сенімхат немесе өкілдің өкілеттігін куәландыратын өзге де құжат;

4) талапкер өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар, егер жауапкерлер мен үшінші тұлғаларда олар болмаса, осы құжаттардың оларға арналған көшірмелері;

5) берешек есебінің анықтамасы;

6) талаптың жауапкерге жіберілгенін растайтын құжат;

7) егер талап арызда баяндалмаса, талапкердің төрелік алымды төлеуді мерзімін ұзарту немесе оның мөлшерін азайту, талапты қамтамасыз ету, дәлелдемелерді талап етіп алдыру туралы және басқа да өтінішхаттары қоса беріледі.

Құжаттар электрондық форматта (PDF) төреліктің мекенжайына берілуі мүмкін: info.sud@kazcourt.kz

## 16-бап. Талап қою бағасы

1. Талап қою бағасы:

1) ақша өндіріп алу туралы талаптарда – өндіріп алынатын сомамен;

2) мүлікті талап етіп алу туралы талаптарда – талап етіп алынатын мүліктің құнымен;

3) құқықтық қатынасты тану немесе қайта құру туралы талаптарда – талап қойылған кездегі құқықтық қатынас нысанасының құнымен;

4) белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік туралы талаптарда – талапкердің мүліктік мүдделері туралы бар деректер негізінде айқындалады.

Талапкер, егер оның талап қою талабы немесе талаптың бір бөлігі ақшалай сипатта болмаған жағдайларда да, талап арызда талап қою бағасын көрсетуге міндетті.

2. Бірнеше талаптан тұратын талаптарда талаптың сомасы жеке айқындалуға тиіс. Бұл жағдайда талап қою бағасы барлық талаптардың жалпы сомасымен айқындалады.

3. Талап қою бағасына төрелік шығыстар мен алымдарды өтеу туралы талаптар, сондай-ақ тараптардың заң өкілдері арқылы өз мүдделерін қорғауға байланысты шығыстары енгізілмейді.

4. Егер талапкер талап қою бағасын айқындамаса немесе дұрыс айқындамаса, Төрелік сот өз бастамасы бойынша немесе жауапкердің талабы бойынша талап қою бағасын бар деректер негізінде айқындайды.

## 17-бап. Талап арыздың кемшіліктерін жою

1. Талап арыз осы Регламенттің 14 және 15-баптарында көзделген талаптарды бұза отырып берілгенін анықтаған Төрелік соттың Төрағасы арызды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарым шығаруға құқылы, бұл туралы талап арыз берген адамға хабарлайды және оған кемшіліктерді түзету үшін мерзім береді.

2. Кемшіліктерді жою мерзімі көрсетілген ұсынысты алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

## 18-бап. Төрелік талқылауды қозғау

1. Төрелік сот талап арызды қабылдап, өз регламентіне сәйкес төрелік талқылауды қозғау туралы ұйғарым шығарады және төрелік талқылау өткізілетін орын туралы тараптарға хабарлайды.

2. Төрелік сот жауапкерге талап арыздың көшірмелерін жібереді не тапсырады және өзі белгілеген мерзімде талап арызға жазбаша пікір (қарсылық) және өз пікірін (қарсылығын) негіздейтін дәлелдемелерді ұсынуды ұсынады. Ыңғайлы болу үшін құжаттарды Төрелік сот тараптардың электрондық мекенжайына да жіберуі мүмкін.

3. Жауапкердің қарсылықтарды ұсынбауы дауды қарауға кедергі бола алмайды.

## 19-бап. Талап арызды қайтару

1. Төрелік сот талап арызды, егер:

1) тараптар арасында төрелік келісім болмаса;

2) дауды Төрелік сотта қарау төрелік келісімде көзделмесе;

3) талаптың нысанасы төрелік келісімнің шегінен шықса;

4) төрелік келісімнің қатысушылары болып табылмайтын үшінші тұлғалардың мүдделері қозғалса;

5) талап арызға оған қол қоюға өкілеттігі жоқ адам қол қойса;

6) талапкер талап арызды қайтару туралы арыз берсе;

7) Төрелік соттың немесе басқа төреліктің іс жүргізуінде сол тараптар арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша дау жөнінде іс болса, қайтарады.

2. Талап арызды қайтарған кезде Төрелік сот уәжді ұйғарым шығарады.

3. Арызды қайтару талапкердің сол жауапкерге, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша талаппен төрелікке қайта жүгінуіне кедергі келтірмейді.

### 20-бап. Қарсы талап қою және қарсы талаптарды есепке жатқызу

1. Жауапкер, егер қарсы талаптың талапкердің талаптарымен өзара байланысы болса, сондай-ақ қарсы талапты Төрелік сот төрелік келісімге сәйкес қарай алатын болса, талапкерге қарсы талап қоюға құқылы.

2. Егер тараптар қарсы талап қою үшін өзге мерзім келіспесе, қарсы талап төрелік талқылау барысында төрелік шешім қабылданғанға дейін қойылуы мүмкін.

3. Қарсы талап осы Регламенттің 14 және 15-баптарының талаптарына сай болуға тиіс.

### 21-бап. Төрелік талқылау бойынша шығыстар

1. Талап арызды немесе талапты қамтамасыз ету туралы өтінішхатты беру кезінде талапкер төрелік алымды төлеуге міндетті. Төрелік алым төленгенге дейін талап немесе өтінішхат, осы Регламентте көрсетілген жағдайларды қоспағанда, берілмеген болып есептеледі. Төрелік алым, істің Төрелік сотқа соттылығы болмаған жағдайларды қоспағанда, қайтарылмайды.

2. Төрелік алымның мөлшері, оларды төлеу және бөлу тәртібі, сондай-ақ төрелік талқылау бойынша басқа да шығыстарды жабу тәртібі осы Регламенттің ажырамас бөлігі болып табылатын Төрелік шығыстар мен алымдар туралы ережемен белгіленеді.

## 2-тарау. ІСТІ ТАЛҚЫЛАУҒА ДАЙЫНДАУ

### 22-бап. Жауапкерді хабардар ету және оның төрешіні сайлауы

1. Төрелік сот жауапкерді талап арыздың берілгені туралы хабардар етеді және оған талап арыздың көшірмесін және төреліктің ұйғарымын жібереді. Жеткізу тәсілін Төрелік сот дербес таңдайды.

2. Сонымен бір мезгілде Төрелік сот жауапкерге талап арыздың көшірмесін алған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде талап арызға пікір ұсынуды, онда өз қарсылықтарын және/немесе тиісті дәлелдемелермен расталған жазбаша түсініктемелерін баяндауды ұсынады. Жауапкердің талапқа қарсылықтарды ұсынбауы талапкердің талаптарын тану ретінде қаралмайды.

3. Төрелік сот іске қатысушы адамдар талап арызды немесе арызды іс жүргізуге қабылдау және төрелік іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарымды алғаннан кейін, ал іске кейінірек кірген немесе іске қатысуға тартылған адамдар және төрелік процестің өзге де қатысушылары қаралып жатқан іс бойынша бірінші төрелік актіні алғаннан кейін мұндай ақпараттың кез келген көздерін және кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, істің қозғалысы туралы ақпарат алу бойынша шараларды дербес қабылдайтынын түсіндіреді. Егер Төрелік сотта көрсетілген адамдардың басталған процесс туралы тиісінше хабардар етілгені туралы ақпарат болса, іске қатысушы адамдар істің қозғалысы туралы ақпарат алу бойынша шаралар қабылдамау нәтижесінде қолайсыз салдардың туындау тәуекелін көтереді.

### 23-бап. Төрелік құрамын қалыптастыру

1. Тараптар тақ болуға тиіс төрешілердің санын айқындауға құқылы. Егер тараптар істі жеке-дара төреші қарайтыны туралы келіспесе, Төрелік соттың Төрағасы үш төрешіден тұратын төрелік құрамын қалыптастыруы мүмкін. Тараптардың арызы бойынша Төрелік соттың Төрағасы төрешілердің санын көбейте алады. Осыған байланысты қосымша шығыстарды іс бойынша тараптар өтейді. Регламентте көзделген төрелік құрамының функциялары жеке-дара төрешіге де қатысты болады.

2. Төраға Төрелік сот қарауға жататын талап арызды қабылдау кезінде төрелік талқылау үшін құрамды қалыптастыру туралы ұйғарым шығарады. Төрелік соттың Төрағасы кемінде үш төрешіні тағайындайды. Төрелік соттың Төрағасы қалыптастырылған құрамның қатарынан төрағалық етуші төрешіні тағайындайды. Тараптар қалыптастырылған құрамның қатарынан бір-бір төрешіні ауыстыруға не Төрелік соттың бірінші отырысы басталғанға дейін бір төрешіні тағайындау туралы келісімге келуге құқылы. Төрағалық етуші

ауыстырылған жағдайда Төрелік соттың Төрағасы жаңа төрағалық етушіні тағайындайды, бұл туралы тиісті ұйғарым шығарылады.

3. Талап арыздың көшірмесін алған күннен бастап үш күннен аспайтын мерзімде жауапкер өзі ауыстырғысы келетін төрешінің атын хабарлауға не төрешілер құрамына немесе нақты төрешіге қарсылық білдіруге, не төреші немесе төрешілер құрамы ол үшін Төрелік соттың Төрағасымен тағайындалсын деген өтінішін мәлімдеуге тиіс.

4. Талапкерден Регламенттің 23-бабының 3-тармағында көрсетілген ақпарат алынбаған кезде төрелік талқылауды Төраға талап арызды іс жүргізуге қабылдау кезінде тағайындаған төрешілер құрамы жүргізеді.

### 24-бап. Жеке-дара төрешіні сайлау немесе тағайындау

Тараптар арасында уағдаластық болмаған кезде жеке-дара төрешіні Төрелік соттың Төрағасы төрешілер тізімінен тағайындайды.

### 25-бап. Істі талқылауды дайындау

1. Төрелік құрамы істің дайындалу жай-күйін тексереді, атап айтқанда, тараптардан жазбаша түсініктемелерді, дәлелдемелерді және басқа да қосымша құжаттарды талап етіп алдырады.

Егер істі дайындау бойынша қосымша шаралар қабылданса, осы қосымша шаралар жүзеге асырылуға тиіс мерзімдер белгіленеді.

2. Төрелік құрамының төрағасы істі талқылауды дайындауға және өткізуге байланысты тараптарға жекелеген тапсырмалар бере алады. Ол сондай-ақ тараптарды отырысқа шақыруды айқындайды.

### 26-бап. Ауызша тыңдау туралы тараптарды хабардар ету

1. Іс бойынша ауызша тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы тараптар шақыру қағаздарымен хабардар етіледі, олар тараптардың әрқайсысында ауызша тыңдауға дайындалу және келу үшін кемінде жеті күнтізбелік күн мерзім болатындай есеппен жіберілуге тиіс. Тараптардың келісімі бойынша бұл мерзім ұзартылуы/қысқартылуы мүмкін.

2. Кейінгі ауызша тыңдауларды өткізу қажет болған кезде оларды өткізу күндерін төрелік құрамы нақты мән-жайларды ескере отырып белгілейді.

3. Егер төрелік отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген іске қатысушы адамдар келмесе және істі олардың қатысуынсыз қарауға қарсылық білдірмесе, Төрелік сот дайындықты аяқтауға және істі мәні бойынша қарауды бастауға құқылы.

### 27-бап. Төрешіге, сарапшыға және аудармашыға қарсылық білдіру

1. Егер төрешінің, төрелік құрамы төрағасының немесе жеке-дара төрешінің бейтараптығына немесе тәуелсіздігіне қатысты негізді күмән туғызатын мән-жайлар болса, атап айтқанда, егер олардың істің нәтижесіне жеке өзі, тікелей немесе жанама мүдделі екенін болжауға болатын болса, сондай-ақ Төрелік туралы заңда көзделген қарсылық білдіру үшін негіздер болған кезде тараптардың әрқайсысы оларға қарсылық білдіруге құқылы.

Тараптың қарсылық білдіру туралы оның уәждері қамтылған жазбаша арызы тарап төрелік құрамының қалыптастырылғаны туралы білгеннен кейін немесе тарап қарсылық білдіру үшін негіз бола алатын мән-жайлар туралы білгеннен кейін жеті күнтізбелік күннен кешіктірілмей жасалуға тиіс. Көрсетілген мерзімнен кейін жасалған қарсылық білдіру туралы арыз қарсылық білдіру туралы арызды кешіктіру себебі дәлелді деп танылған жағдайда ғана қаралады.

2. Төрешіге қарсылық білдіру туралы мәселені төрелік құрамының басқа мүшелері шешеді. Егер олардың арасында келісімге қол жеткізілмесе немесе қарсылық екі төрешіге немесе жеке-дара төрешіге қарсы мәлімделсе, қарсылық білдіру туралы мәселені Төрелік соттың Төрағасы шешеді.

Төрелік соттың Төрағасы осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер болған кезде төрешіге, төрелік құрамының төрағасына немесе жеке-дара төрешіге қарсылық білдіру туралы мәселені өз бастамасы бойынша шешуге құқылы.

3. Төреші, төрелік құрамының төрағасы немесе жеке-дара төреші де өз бастамасы бойынша өздігінен бас тарту туралы мәлімдей алады.

4. Осы баптың 1-3-тармақтарының ережелері, осы Регламенттің 3-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес келмеуді қоспағанда, қосалқы ретінде сайланған немесе тағайындалған төрешіге, төрелік құрамының төрағасына және жеке-дара төрешіге де қолданылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша талқылауға қатысатын сарапшыларға және аудармашыларға қарсылық білдірілуі мүмкін. Бұл жағдайда қарсылық білдіру туралы мәселені төрелік құрамы шешеді.

### 28-бап. Төрешінің өкілеттігін тоқтату

1. Егер төреші, төрелік құрамының төрағасы немесе жеке-дара төреші өз функцияларын орындауға заңды түрде немесе іс жүзінде қабілетсіз болып шықса немесе өзге де себептер бойынша бұл функцияларды негізсіз кідіріссіз жүзеге асырмаса, олардың әрқайсысының өкілеттігі тараптардың келісімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.

2. Төрешінің, төрелік құрамы төрағасының немесе жеке-дара төрешінің өкілеттігі олар өздігінен бас тарту туралы мәлімдеген кезде тоқтатылады.

3. Төрешінің, төрелік құрамы төрағасының немесе жеке-дара төрешінің өкілеттігі нақты іс бойынша шешім қабылданғаннан кейін немесе тараптар мұндай тоқтату туралы уағдаласқан жағдайда тоқтатылады. Төрелік шешімді түзету немесе түсіндіру не қосымша шешім шығару қажет болған жағдайда төрешінің, төрелік құрамы төрағасының немесе жеке-дара төрешінің өкілеттігі қайта басталады, содан кейін олар қажетті процестік әрекеттерді жасағаннан кейін тоқтатылады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер болған және тараптар тиісті келісімге қол жеткізбеген кезде олардың әрқайсысы төрешінің, төрелік құрамы төрағасының немесе жеке-дара төрешінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселені шешу туралы өтінішпен Төрағаға жүгінуге құқылы.

Төрелік соттың Төрағасы осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер болған кезде төрешінің, төрелік құрамы төрағасының немесе жеке-дара төрешінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселені өз бастамасы бойынша шешуге құқылы.

### 29-бап. Төрелік құрамындағы өзгерістер

1. 27-28-баптарға сәйкес жеке-дара төреші немесе төраға-төреші ауыстырылған жағдайда, ол ауыстырылғанға дейін болған іс бойынша барлық тыңдаулар қайталануға тиіс. Кез келген басқа төреші ауыстырылған жағдайда ауыстыру тәртібімен сайланған (тағайындалған) төреші іс бойынша қайталама тыңдаулар өткізуді ұсына алады.

Қайталама тыңдаулар туралы мәселені Төрелік соттың төрелік құрамы істің барлық мән-жайларын ескере отырып дербес шешеді.

## 3-тарау. ІСТІ ТАЛҚЫЛАУ

### 30-бап. Ауызша тыңдау өткізу

1. Тараптардың ұсынылатын дәлелдемелер негізінде өз ұстанымдарын баяндауы және ауызша жарыссөздер өткізу үшін істі ауызша тыңдау жүзеге асырылады.

2. Егер тараптар өзгеше келіспесе, тыңдау жабық есік жағдайында өткізіледі. Төрелік құрамының рұқсатымен және тараптардың келісімімен тыңдауға төрелік талқылауға қатысатын адамдар қатыса алады.

3. Егер төрелік отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген іске қатысушы адамдар төрелік отырысқа келмесе және істі олардың қатысуынсыз қарауға қарсылық білдірмесе, Төрелік сот ауызша тыңдауларды аяқтауға және істі мәні бойынша қарауға құқылы.

## 31-бап. Тараптардың қатысуы

1. Әрбір тарапқа өз ұстанымын баяндау және өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тең мүмкіндіктер берілуге тиіс.

2. Тараптар Төрелік сотта өз істерін жеке өзі немесе тараптар өз қалауы бойынша, оның ішінде шетелдік ұйымдар мен азаматтардың қатарынан тағайындайтын тиісінше уәкілеттік берілген өкілдер арқылы жүргізе алады.

Өкілдің өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды сақтай отырып ресімделуге тиіс.

3. Құжаттар мен өзге де материалдарды ұсынбау, оның ішінде төрелік отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген тараптардың бірінің немесе олардың өкілдерінің Төрелік сот отырысына келмеуі, егер құжаттар мен өзге де материалдарды ұсынбау немесе тараптардың Төрелік сот отырысына келмеу себебін ол дәлелсіз деп таныса, ұсынылған материалдар мен дәлелдемелер негізінде төрелік талқылауға және Төрелік соттың шешім қабылдауына кедергі болып табылмайды.

4. Тарап істі өзінің қатысуынсыз тыңдауды сұрай алады.

5. Төрелік талқылау өткізу кезінде тарап немесе оның уәкілетті өкілі құрметтемейтін мінез-құлық танытқан кезде төрағалық етуші тарапты шығаруға құқылы, бұл туралы жеке ұйғарым шығарылады.

6. Егер тараптар өзгеше келіспесе, төрелік құрамы істі тараптардың және/немесе олардың өкілдерінің қатысуымен жабық отырыста қарайды.

7. Төрелік отырыс (оның бөлігі) тараптардың өтінішхаты бойынша не төреліктің бастамасы бойынша бейнеконференцбайланысты және өзге де бағдарламаларды, техникалық құралдарды пайдалана отырып өткізілуі мүмкін. Бұл ретте отырыс өткізілетін, шешім шығарылатын орын төрелік талқылау орны болып табылады.

## 32-бап. Тараптардың құқықтары

Төрелік талқылауға қатысатын тараптардың:

1) іс материалдарымен танысуға және осы материалдардан көшірмелер түсіруге;

2) дәлелдемелер ұсынуға;

3) өтінішхаттар мәлімдеуге, төрешілерге қарсылық білдіруге;

4) процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға, ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге;

5) процесс барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз уәждерін ұсынуға;

6) екінші тараптың өтінішхаттары мен уәждеріне қарсылық білдіруге;

7) төрелік отырысының хаттамасымен танысуға және ол бойынша жазбаша ескертулер беруге (тараптар хаттама жүргізу рәсімін келіскен жағдайда);

8) төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы құзыретті сотқа өтінішхат беруге;

9) Төрелік туралы заңда белгіленген жағдайларда төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат беруге;

10) істі татуласу келісімімен немесе медиация тәртібімен дауды (жанжалды) реттеу туралы келісіммен аяқтауға құқығы бар.

## 33-бап. Құжаттарды беру

Тараптардың бірі Төрелік сотқа ұсынатын барлық құжаттарды осы тарап олар Төрелік сотқа түскен күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде екінші тарапқа беруге тиіс. Тараптарға сондай-ақ төрелік шешім негізделуі мүмкін сарапшылардың кез келген қорытындылары немесе дәлелдемелік маңызы бар басқа да құжаттар берілуге тиіс.

## 34-бап. Қамтамасыз ету шаралары

1. Егер тараптар өзгеше келіспесе, Төрелік сот кез келген тараптың өтініші бойынша қандай да бір тараптың дау нысанасына қатысты өзі қажет деп санайтын қамтамасыз ету шараларын қабылдауы туралы өкім бере алады, бұл туралы ұйғарым шығарады.

2. Төрелік сотта қаралатын талапты қамтамасыз ету туралы арызды тарап төрелік талқылау жүзеге асырылатын жердегі немесе оған қатысты қамтамасыз ету шаралары қабылдануы мүмкін мүліктің орналасқан жеріндегі сотқа береді.

3. Соттың Төрелік сотта қаралатын талапты қамтамасыз ету туралы арызды қарауы және оның талапты қамтамасыз ету немесе оны қамтамасыз етуден бас тарту туралы ұйғарым шығаруы Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### 35-бап. Істі жазбаша материалдар негізінде талқылау

Тараптар ауызша тыңдау өткізбей, тек жазбаша материалдар негізінде дауды талқылау туралы уағдаласа алады. Алайда, егер ұсынылған материалдар дауды мәні бойынша шешу үшін жеткіліксіз болып шықса, төрелік құрамы ауызша тыңдау тағайындай алады.

### 36-бап. Талап қою талаптарын немесе талапқа қарсылықтарды өзгерту немесе толықтыру

1. Кез келген тарап істі ауызша тыңдау аяқталғанға дейін негізсіз кідіріссіз өзінің талап қою талаптарын немесе талапқа қарсылықтарын өзгерте немесе толықтыра алады.

2. Егер төрелік құрамы талап қою талаптарын немесе талапқа қарсылықтарды өзгертуде немесе толықтыруда тарап жол берген кідірісті негізсіз деп таныса, ол осы кідірістен туындаған Төрелік соттың қосымша шығыстарын және екінші тараптың шығасыларын өтеуді оған жүктей алады.

Төрелік құрамы жол берілген кідірісті ескере отырып, талап қою талаптарын немесе талапқа қарсылықтарды мұндай өзгертуге немесе толықтыруға рұқсат беруді орынсыз деп тани алады.

### 37-бап. Дәлелдемелер

1. Тараптар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Төрелік құрамы, егер ұсынылған дәлелдемелерді жеткіліксіз деп санаса, тараптарға қосымша дәлелдемелер ұсынуды ұсынуға құқылы. Ол сондай-ақ өз қалауы бойынша сараптама жүргізуді тағайындауға және үшінші тұлғалардан дәлелдемелер ұсынуды сұратуға, сондай-ақ куәларды шақыруға және тыңдауға құқылы.

2. Тарап жазбаша дәлелдемелерді түпнұсқада немесе ол куәландырған түпнұсқаның көшірмесі түрінде ұсына алады. Төрелік құрамы істі қарау мүддесінде қажет болған жағдайларда осы дәлелдемелердің басқа тілге аудармасын талап етуге құқылы.

3. Дәлелдемелерді тексеру төрелік құрамы белгілейтін тәсілмен жүргізіледі. Төрелік құрамы тексеру әрекеттерін жүргізуді төрешілердің біріне жүктей алады.

4. Төрешілер іс бойынша бар барлық дәлелдемелерді тікелей зерттеуге міндетті. Дәлелдемелерді бағалауды төрешілер өздерінің ішкі сенімі бойынша жүзеге асырады.

5. Тараптың тиісті дәлелдемелерді ұсынбауы төрелік құрамының талқылауды жалғастыруына және өзінде бар дәлелдемелер негізінде шешім шығаруына кедергі келтірмейді.

### 38-бап. Сараптаманы тағайындау және жүргізу

1. Егер тараптар өзгеше келіспесе, төрелік құрамы дауды шешу кезінде туындайтын, арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін сараптама тағайындай алады және кез келген тараптан сараптама жүргізу үшін қажетті құжаттарды, өзге де материалдарды немесе заттарды ұсынуды талап ете алады.

Төрелік құрамы, егер бұл мәселелер тараптармен арнайы келісілмесе, сарапшының төрелік талқылауға қатысуына қатысты өзге де мәселелерді, оның ішінде сараптама мен сарапшының қатысуына ақы төлеу шығыстарын бөлуді шешуге құқылы.

2. Сарапшының қорытындысы жазбаша нысанда ұсынылады.

3. Егер тараптар өзгеше келіспесе, сарапшы, егер бұны тараптардың кез келгені сұраса немесе төрелік құрамы мұны қажет деп санаса, сарапшының қорытындысын ұсынғаннан кейін төрелік отырысына қатысуға тиіс, онда тараптар мен төрешілерге сараптама жүргізуге және ұсынылған сарапшының қорытындысына байланысты сарапшыға сұрақтар қою мүмкіндігі беріледі.

### 39-бап. Үшінші тұлғалардың қатысуы

Үшінші тұлғаның төрелік талқылауға кіруіне дауласушы тараптардың келісімімен ғана жол беріледі. Үшінші тұлғаны талқылауға тарту үшін тараптардың келісімінен басқа, тартылатын тұлғаның да келісімі талап етіледі. Үшінші тұлғаны тарту туралы өтінішхат мәлімдеуге талап арызға пікір ұсыну мерзімі өткенге дейін ғана жол беріледі. Үшінші тұлғаны тарту туралы келісім жазбаша нысанда білдірілуге тиіс.

### 40-бап. Тыңдауды кейінге қалдыру және талқылауды тоқтата тұру

Қажет болған жағдайда тараптардың немесе төрелік құрамының бастамасы бойынша істі тыңдау кейінге қалдырылуы не оны талқылау тоқтатыла тұруы мүмкін. Істі тыңдауды кейінге қалдыру немесе төрелік талқылауды тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарылады.

### 41-бап. Ауызша тыңдаудың хаттамасы

1. Егер тараптар өзгеше келіспесе, әдепкі бойынша хаттама жүргізілмейді. Ал егер тараптар хаттама жүргізуге жазбаша түрде ниет білдірсе, істі тыңдау туралы хаттама жасалады, онда:

1) Төрелік соттың атауы;

2) төрелік отырысының жылы, айы, күні және орны;

3) төрелік отырысының басталу және аяқталу уақыты;

4) төрешілердің және төрелік отырысы хатшысының (ол болған кезде) тегі мен аты-жөнінің бас әріптері;

5) істің атауы;

6) іске қатысушы адамдардың, өкілдердің, куәлардың, сарапшылардың, мамандардың, аудармашылардың келуі туралы мәліметтер;

7) төрағалық етушінің өкімдері және төрелік құрамы отырыс залында шығарған ұйғарымдар;

8) іске қатысушы адамдар мен өкілдердің арыздары, өтінішхаттары және түсініктемелері;

9) куәлардың айғақтары, сарапшылардың өз қорытындыларын ауызша түсіндіруі, мамандардың түсініктемелері;

10) құжаттарды жария ету туралы мәліметтер, заттай дәлелдемелерді қарау деректері, дыбыс жазбаларын тыңдау, бейнежазбаларды, киноматериалдарды қарау;

11) шешім мен ұйғарымдардың мазмұнын жария ету және түсіндіру, төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхат беру тәртібі мен мерзімін түсіндіру туралы мәліметтер;

12) іске қатысушы адамдарға хаттамамен танысу және ол бойынша ескертулер беру құқықтарын түсіндіру туралы мәліметтер;

13) хаттаманың жасалған күні қамтылуға тиіс;

2. Төрелік туралы заңда көзделген тәртіппен тараптар хаттаманың мазмұнымен танысуға және оған жазбаша ескертулер беруге құқылы. Тараптың өтініші бойынша Төрелік соттың төрелік құрамының ұйғарымымен Төрелік туралы заңда көзделген тәртіппен, егер өтініш негізді деп танылса, хаттамаға өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3. Хаттаманы төрағалық етуші төреші жасайды.

4. Іске қатысушы адамдар мен өкілдер хаттаманың қандай да бір бөлігін жария ету туралы, өздері іс үшін елеулі деп санайтын мән-жайлар туралы мәліметтерді хаттамаға енгізу туралы өтінішхат беруге құқылы.

5. Хаттама төрелік құрамының отырысы аяқталғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірілмей дайындалуға және қол қойылуға тиіс.

Күрделі істер бойынша төрелік құрамы отырысының хаттамасын дайындау және оған қол қою ұзағырақ мерзімде, бірақ төрелік құрамының отырысы аяқталғаннан кейін бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Хаттамаға төрағалық етуші және хатшы функциясы жүктелген адам қол қояды. Барлық өзгерістер, түзетулер, толықтырулар хаттамада ескертілуге және олардың қолдарымен куәландырылуға тиіс. Хаттама төрелік талқылауға қатысатын барлық адамдарда цифрлық қолтаңба болған жағдайда электрондық түрде жасалуы мүмкін.

## 4-тарау. ТӨРЕЛІК ТАЛҚЫЛАУДЫ ТОҚТАТУ

### 42-бап. Түпкілікті төрелік шешім

Төрелік талқылау түпкілікті төрелік шешім шығарумен тоқтатылады.

### 43-бап. Шешім шығару

1. Төрелік құрамы даумен байланысты барлық мән-жайлар жеткілікті түрде анықталды деп санағаннан кейін, ол істі ауызша тыңдауды аяқталды деп жариялайды және шешім шығаруға кіріседі.

2. Шешім жабық кеңесте төрелік құрамының көпшілік даусымен қабылданады. Егер шешімді көпшілік дауыспен қабылдау мүмкін болмаса, оны төрелік құрамының төрағасы қабылдайды.

3. Шешім жазбаша нысанда жазылады және оған төрелік құрамына кіретін төрешілер қол қояды. Қабылданған шешіммен келіспейтін төреші өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде баяндауға тиіс, ол шешімге қоса тіркеледі.

### 44-бап. Шешімді жариялау

1. Шешім шығарылғаннан кейін оның қарар бөлігі тараптарға ауызша жарияланады, ал олар болмаған жағдайда оларға жазбаша не өзге тәсілмен хабарлануы мүмкін.

2. Төрелік соттың төрелік құрамы белгілейтін, әдетте он бес күнтізбелік күннен аспауға тиіс мерзім ішінде тараптарға уәжді шешім жіберіледі.

3. Төрелік құрамы ауызша тыңдау аяқталғаннан кейін төрелік шешім оның қарар бөлігін ауызша жариялamай-ақ тараптарға әдетте он бес күнтізбелік күннен аспауға тиіс мерзімде жіберілетіні туралы қаулы ете алады.

4. Егер бұл дауды дұрыс шешу мүддесінде талап етілсе және шешімнің қарар бөлігі тараптарға әлі жарияланбаған болса, төрелік құрамы қосымша талқылау жүргізе алады.

5. Төрелік соттың Төрағасы қажет болған жағдайда осы баптың 2 және 3-тармақтарының негізінде белгіленген мерзімдерді ұзарта алады.

### 45-бап. Шешімнің мазмұны

Шешімде, атап айтқанда, мыналар қамтылуға тиіс:

1) шешім қабылданған күн;

2) төрелік талқылау орны;

3) төрелік құрамы;

4) дау тараптарының атауы, олардың өкілдерінің өкілеттіктері көрсетілген тегі мен аты-жөнінің бас әріптері, лауазымдары;

5) Төрелік соттың құзыретінің негізі;

6) талапкердің талаптары және жауапкердің қарсылықтары;

7) даудың мәні;

8) төрелік құрамы анықтаған істің мән-жайлары, осы мән-жайлар туралы тұжырымдар негізделген дәлелдемелер, шешім қабылдау кезінде төрелік құрамы басшылыққа алған нормативтік құқықтық актілер;

9) мәлімделген әрбір талап қою талабын қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту туралы төрелік құрамының тұжырымдары;

10) дауды төрелікте шешуге байланысты шығыстардың сомасы, көрсетілген шығыстарды тараптар арасында бөлу және қажет болған кезде қабылданған шешімді орындаудың мерзімі мен тәртібі.

Шешім қабылданғаннан кейін әрбір тарапқа шешім көшірмесінің данасы тапсырылуға не жіберілуге тиіс. Шешімнің түпнұсқасы Төрелік соттың ісінде сақталады.

### 46-бап. Шешімді түзету және түсіндіру. Қосымша шешім

1. Төрелік шешімді алғаннан кейін алпыс күнтізбелік күн ішінде, егер тараптар өзге мерзімді келіспесе:

1) тараптардың кез келгені бұл туралы екінші тарапты хабардар ете отырып, шешімде жіберілген есептеулердегі кез келген қателерді, жаңсақ жазуларды немесе баспа қателерін не ұқсас сипаттағы өзге де қателерді түзетуді төреліктен сұрай алады;

2) тараптардың кез келгені бұл туралы екінші тарапты хабардар ете отырып, қабылданған шешімнің қандай да бір нақты тармағына немесе бөлігіне түсініктеме беруді төреліктен сұрай алады.

2. Төрелік сот, егер ол өтінішті негізді деп санаса, оны алғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде тиісті түзетулер енгізуге немесе түсініктеме беруге тиіс. Шығарылған төрелік шешімнің түсініктемесі төрелік шешімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Төрелік сот төрелік шешім шығарылған күннен бастап есептегенде алпыс күнтізбелік күн ішінде өз бастамасы бойынша тараптарды тиісінше хабардар еткеннен кейін осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген кез келген қателерді түзете алады.

4. Егер тараптар өзгеше келіспесе, тараптардың кез келгені бұл туралы екінші тарапты хабардар ете отырып, төрелік шешімді алғаннан кейін алпыс күнтізбелік күн ішінде төрелік талқылау барысында мәлімделген, алайда шешімде көрсетілмеген талаптарға қатысты қосымша шешім шығаруды төреліктен сұрай алады. Төрелік сот, егер өтінішті негізді деп санаса, оны алғаннан кейін алпыс күнтізбелік күн ішінде қосымша төрелік шешім шығаруға тиіс.

5. Төрелік сот қажет болған жағдайда осы баптың 1 немесе 3-тармағына сәйкес қателерді түзету, түсініктеме беру немесе қосымша төрелік шешім шығару қажет мерзімді, бірақ алпыс күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзарта алады.

### 47-бап. Татуласу келісімі

1. Егер тараптар төрелік талқылау барысында дауды реттесе, төрелік талқылауды тоқтатады және тараптардың өтініші бойынша бұл реттеуді келісілген шарттармен төрелік шешім түрінде тіркейді.

2. Алдыңғы тармақта көрсетілген төрелік шешімді шығаруға осы Регламенттің 45-бабының тиісті талаптары қолданылады. Мұндай төрелік шешім дау мәні бойынша шығарылған кез келген басқа төрелік шешім сияқты орындалуға жатады.

### 48-бап. Дауды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қарау

1. Төрелік шешім төрелік келісім тараптарының бірінің немесе құқықтары қозғалған өзге адамның арызы бойынша жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін. Төрелік шешімді жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін:

1) заңсыз не негізсіз шешім қабылдауға әкеп соққан, соттың заңды күшіне енген үкімімен анықталған куәның көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс емес аударма, құжаттардың не заттай дәлелдемелердің жалғандығы;

2) соттың заңды күшіне енген үкімімен анықталған тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың не олардың өкілдерінің қылмыстық әрекеттері немесе төрешінің осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық әрекеттері;

3) Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының төрелік шешім шығару кезінде төрелік қолданған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тануы негіз болып табылады.

4) Істі мәні бойынша қарауға кедергі келтіретін соттардың заңды күшіне енген шешімдері мен ұйғарымдары болған кезде.

2. Төрелік шешімді жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз қайта қарау үшін негіз болып табылатын мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде беріледі және қаралады.

Шешім шығарған төрелік құрамының бұрынғы құрамда отырыс өткізуі мүмкін болмаған кезде шешімді жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды осы Регламентте белгіленген тәртіппен қалыптастырылған жаңа төрелік құрамы қарайды.

## 49-бап. Талқылауды шешім шығармай тоқтату

1. Егер іс бойынша түпкілікті шешім қабылданбаса, төрелік талқылау талқылауды тоқтату туралы ұйғарыммен тоқтатылады.

2. Талқылауды тоқтату туралы ұйғарым:

1) талапкер өз талабынан бас тартса және бас тартуды төрелік құрамы қабылдаса, егер тек жауапкер дауды мәні бойынша шешуге өзінің заңды мүддесі болуына байланысты төрелік талқылауды тоқтатуға қарсылық білдірмесе;

2) төрелік құрамы Төрелік соттың өзіне шешуге берілген дауды қарауға құзыреті жоқ екендігі туралы ұйғарым шығарса;

3) сол тараптар арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша дау бойынша қабылданған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе төрелік шешім болса;

4) тараптар төрелік талқылауды тоқтату туралы келісімге келсе;

5) төрелік талқылаудың тарапы болып табылатын заңды тұлға таратылса;

6) төрелік талқылаудың тарапы болып табылатын жеке тұлға қайтыс болса не ол қайтыс болды деп жарияланса немесе хабарсыз кетті деп танылса, шығарылады.

## 50-бап. Шешімдер мен істерді сақтау

Шешімдер мен істерді сақтау

1. Төрелік соттың шешімдерін іс материалдарымен бірге сақтау мерзімі мұндай шешім қабылданған күннен бастап кемінде үш жылды құрайды.

## 51-бап. Төрелік шешімнің күшін жою

1. Төрелік соттың шешімі түпкілікті болып табылады, мәні бойынша қайта қаралуға жатпайды және тек Төрелік туралы заң негізінде белгіленген процедуралық тәртіппен сот тәртібінде жойылуы мүмкін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына сәйкес қайта қаралуы мүмкін.

2. Төрелік шешімнің күшін сот жоюы үшін арыз беретін тарап мыналарды дәлелдеуге тиіс:

1) шешімде төрелік келісімде көзделмеген немесе оның талаптарына сәйкес келмейтін мәселелер бойынша қаулылар қамтылған не төрелік келісімнің шегінен шығатын мәселелер бойынша қаулылар қамтылған, сондай-ақ егер осыған байланысты мәселелер төрелікте қаралуға жатпаса. Егер төрелік келісіммен қамтылатын мәселелер бойынша шешімдерді мұндай келісіммен қамтылмайтын мәселелер бойынша шешімдерден бөліп алуға болатын болса, онда шешімнің төрелік келісімде көзделмеген мәселелер бойынша қаулыларды қамтитын бөлігінің ғана күші жойылуы мүмкін;

2) төрелік келісім тараптарының бірін сот әрекетке қабілетсіз деп таныған не төрелік келісім тараптар оны бағындырған заң бойынша, ал мұндай нұсқау болмаған кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жарамсыз;

3) тарап төрешінің тағайындалғаны туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісінше хабардар етілмеген не сот дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша өз түсініктемелерін ұсына алмаған;

4) төрелік соттың құрамы немесе істі талқылау тәртібі тараптардың келісіміне сәйкес келмеген;

5) сол тараптар арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша дау бойынша соттың заңды күшіне енген шешімі не талапкердің талаптан бас тартуына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы соттың немесе төрелік соттың ұйғарымы бар;

6) төрелік шешім Төрелік туралы заңның 47-бабына сәйкес жазбаша нысанға және қол қоюға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.

2. Егер:

1) төрелік соттың шешімі Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртібіне қайшы келсе;

2) шешім шығарылған дау Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша төрелік талқылаудың нысанасы бола алмаса, төрелік шешімнің күшін сот жояды.

3. Төрелік соттың шешімінің күші жойылған жағдайда тараптардың кез келгені Төрелік сотқа жүгінуге құқылы. Төрелік соттың шешімінің күші төрелік келісімнің жарамсыздығынан толық немесе ішінара жойылған жағдайда не егер шешім төрелік келісімде көзделмеген дау бойынша шығарылса немесе төрелік келісіммен қамтылмайтын мәселелер бойынша қаулыларды қамтыса, тиісті дау Төрелік сотта одан әрі қаралуға жатпайды.

## 52-бап. Шешімді орындау

1. Төрелік соттың шешімдерін тараптар шешімде белгіленген мерзімде ерікті түрде орындайды. Егер шешімде орындау мерзімі көрсетілмесе, ол дереу орындалуға жатады.

2. Көрсетілген мерзімде ерікті түрде орындалмаған шешімдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық процестік заңнамасына, сондай-ақ 1958 жылғы «Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы» Нью-Йорк конвенциясына сәйкес орындалады.

3. Төрелік соттың шешімін мәжбүрлеп орындау шешімді мәжбүрлеп орындауға мемлекеттік сот берген атқару парағының негізінде шешімді орындау сәтінде қолданылатын атқарушылық іс жүргізу қағидалары бойынша жүзеге асырылады.

*Осы Регламент үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жасалды. Әр түрлі оқылған жағдайда орыс тіліндегі нұсқа (жазылған тілі) басым күшке ие болады.*